

Инвестициялық контрактты бұзу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 3 мамыр N 210-ө

Торғай облысының әкімі В.А. Брынкин "Росконтракт" федералдық контракт корпорациясы" акционерлік қоғамымен 1996 жылғы 23 наурызда жасалған N 001-144К инвестициялық контрактты қолданылып жүрген заң талаптарына (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 219, 220-баптары; "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 35-43; 103, 104 баптары), сондай-ақ "Қазақ КСР-інде қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы" Қазақ КСР Заңының нормаларына қайшы келетіндіктен 3 күндік мерзімде бұзатын болсын.

2. Облыстардың әкімдері мен Алматы қаласының әкімі облыс шеңберіндегі әкімшілік-аумақтық бірліктің экономикалық мүдделеріне қатысты шарттар, контракттар жасауға байланысты мәселелерді қараған кезде жобаларды Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен, сондай-ақ Үкіметімен келісетін болсын.

Премьер-Министр